

Тексерілді *Әнгел*
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Бекітілді *Рын*
Бестамақ "Болашақ" балалар бақшасының
менгерушісі Курманова Л.Б.

Бестамақ "Болашақ" балалар бақшасы

"Кош келдің, әз Наурыз"



«Балдырған» тобы мен «Балапан»тобы арасындағы
мерекелік іс-шара

Ұйымдастырушылар: тәрбиешілер және
музыка жетекшісі: Наурзалиева А.А.

2022 жыл

«Ер төстік» ертегісімен «Балапан» мен «Балдырган »тобы
Наурыз тойы басталып жан-жақтан балалар бір-бірімен амандастып, көріседі де
отырады.

Жүрг: КУАНЫШ - бак тілеп еліме,
МЕРЕКЕ - күт тілеп жеріме.
Әлемді аралап, шарқ ұрып,
Келдің бе Әз бабам төріме!

Армысындар балалар!. Наурыз құтты болсын!

Көктем келді, Наурыз келді,
Жер көгерді, тал гүлдеді.
Дастарханын жайып дархан,
Жақсылық пен бақыт шашқан,
Наурыз келді тойға ұласкан.
Наурыз тойы құтты болсын,
Жер көгеріп малға толсын.

Балалар: «Наурыз құтты болсын!» дейді

Наурыз тойына ариалған Тақпақтар:

Ергали: Эн айтамыз таласа,
Атам, әжем той, тойлап,
Куаныш жүр балаша.
Би билейміз тамаша!

ИбраһимТ: Наурыз келді құт болып
Мына бізге сүт болып,
Аққа аузымыз толады,
Бар жақсылық болады.

Нұрай: Наурыз келді еліме
Наурыз келді жеріме
Байлық, бақыт тілеймін
Бүкіл қазак еліне!

Зейнүр: Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз,
Жас балаша нұрланып,
Жадырасып бәріміз.

Аружан: Наурыз тойы, наурыз тойы,
Құтты болсын ағайын
Наурыз тойы, Наурыз тойы,
Келді біздің Жаңа жыл!

Жүрг: Күлімдеген мына көктеммен бірге қазак даласына жаңа жылда келіп
жетті. Эр адам осы наурыздан үлкен үміт күтіп, жақсы тілекпен қарсы алады.
Эн айтылып, күй тартылып 'би билейді. Ендеше, қыздарымыздың
орындауындағы «Кесемен биін» тамашаланыздар.



Ертөстік келеді. Ертөстік: Армысындар ағайын. Наурыз күттү болсын. Сендермен кауышуға асығып сонау жақтан келемін.

Жүрг: Кош келдің Ертөстік батыр. Сізді де бұлдіршіндер асыға күтуде.

Ертөстік: Суга салса батпаймын
Отқа салса жанбаймын.
Ел жұртымды сатпаймын
Өтірік сез айтпаймын.

Мен Ер төстік, ал кара
Бота бала нар бала
Маган ұқсан өседі
Мұнда отырған бар бала.

Жүрг: Ертөстік батыр төрге шығыңыз. Бізben бірге той

тойланыз. Балаларымыздың әнін тыңданыз

Ән: "Наурыз-көктем" Балапан тобы

Жүрг: Сіздей батыр болатын балаларымыздың биін қабыл алыңыз

Би: "Батырлар" Балапан тобы

Ер төстік: Балалар менімен де бір ойын ойнайсындар ма?

Ойын: "Көкпар".

Шарты: Ортада үстел үстінде орамал ұстап қыз отырады. Екі ер бала атқа мініп дайын тұрады. Әуен басталғанда шенбер бойымен айнала жүгіреді. Әуен тоқтағанда қыздың қолындағы кестелі орамалын қайсысы бұрын алса, сол жеңіске жетеді..

Жүрг: Біздің «Балдырған» тобының балаларымен де «Орамал» ойынын ойнап жіберсек



Ойын: «Орамалмен»



Желаяқ кіреді. Үстандар мені ,ұстаңдар! Тоқтай алмай журмін.

Ер төстік ұстап алады.-Ей сен кімсің?

Желаяқ: Мына жақта той болып жатыр деп естіп соган асығып келемін.

Ерт: сенің қандай өнерің бар?

Желаяқ: Балалармен жарысып ойын ойнай аламын.



Ойын: «Кім біріпші»

Шарты: Екі аттың таяғын алып жарысады.

Жүргі: Балапан тобы балалары оркестрде «Гүлдерайым» халық әнін орындаиды.



Таусогар келеді.



Ертөстік: Ей сен кім боласың?

Таусогар: мен тауды тауға соғып жүрген Таусогармын. Балаларда Наурыз тойы отіп жатыр деп естіп той тойлайын деп келемін.

Ерт: Сен не істей аласың?

Таус: мен балалардың күштерін сынай аламын. Балалар менімен ойын ойнайсындар ма?



Ойын: «Аударыспак»

Ертөстік: мен тағы да ойын ойнағым келіп кетті . Балалар менімен Асық ату ойынын ойнайсындар ма?

Залга ақ жаулықты Ақ әже келеді.



Жүрг: Армысыз ақ әже кош келдіңіз.

Ақ әже: Бар бол балам. Наурыз күттүй болсын, қайда барсаң жол болсын.

Жүрг: Рахмет ақ әже. Наурыз мерекесіне орай мына балаларға өз тілегінді айтып жіберіңіз.

Ақ әже: Өмірлі болындар, өнерлі болындар!

Жүрг: Ақ әже балаларға қандай сый әкелгенді?

Ақ әже: Адал астан бүйірган

Дәм татсын деп ел жыйылған

Бидай салдыым көжеге

Мол болсын деп биыл наң.

Осы ақ дәмнен ауыз тиіндер караптарым.

Ақ әже батасын береді. Айналып келіп ай мен жыл

Аман есен көруге жазсын.

Наурыз тойы күттүй болсын,

Ақ мол болсын!

Жер көгеріп малға толсын.

Ұлыс оң болсын! /Әумін/

